




ЫМ.

ы киелі



Қасиетті Қаратау  
Әулиенің кені еді,  
Қасиетті Созағым,  
Ұлы өнердің кемері  
Сан ғасырлық Созағым,  
Терең тарих белесі-

Орындаған: Болысова Жанат






## **Баба түкті Шашты Әзіз әулие кесенесі**

Аудан территориясында орналасқан, құнды саналатын тарихи мұнаралардың бірі - Баба Түкті Шашты Әзіз мазары.

Созақ ауданы, Құмкент ауылы маңындағы ашық жерде орналасқан. Баба түкті Шашты Әзіз кесенесі бүкіл қазақ жұрты қиын қыстауда табынатын, жауға шапқанда ұрандататын киелі әулие болған. Күш атасы Қажымұхан додаға түскенде: -«Уа аруақ, Баба түкті Шашты Әзіздің рухы қолдай гөр»-деп сыйынған.



**Баба түкті Шашты Әзіз кесенесі - [сәулет](#) өнері ескерткіші. Шойтасы іргетас үстіне күйдірілген [кірпіштен](#) қаланған. Қасбеттік композицияға құрылған бір үйлі мазар. Төртқырлық жұмыр мойындыққа орнатылған еңселі [күмбезбен](#) көмкерілген. Қасбеті тегіс, әшекейі жоқ, тайыз әрі сүйір қуыс жасалған ортасында кіре берісі бар, қос босағасында шағын бедерлі [мұнара](#) орналасқан. Ішкі құрылымында шаршы үйдің өзегі бойынша сүйір арқалар салынған, күмбез осы арқаларға тіреледі. Қабырғаларына сылақ жүргізіліп, әктелген. Үйдің ортасына кірпіштен қаланған [құлпытас](#) орнатылған**



**Баба түкті Шашты Әзіз** - қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін бейне. Ол туралы аңыздардың бірінде шын есімі Баба Туклас деп көрсетілген. Әкесі – Керемет Әзіз. Баба Туклас [Меккеде патша](#) болған, [мұсылмандар](#) арасында [әулие](#) саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар, ең алдымен, [Мұхаммедтің](#), онан кейін [Әлем Муштазы Сейіттің](#), содан соң осы Баба түкті Шашты Әзіз қабіріне барып тәу еткен. Келесі бір аңыздарда Баба түкті Шашты Әзіз – [Қожа Ахмет Ясауидың](#) арғы бабалары, [ислам діні Орталық Азияға](#) тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі, [Қорқыттың](#) замандасы делінеді. [Баб Ата күмбезі](#) сол кісінің қабірінің басына салынған. Академик Ә.Марғұлан осы аңыздың тарихи негізі бар деп санайды.

Баба түкті Шашты Өзіздің есемі «Алпамыс батыр»,  
«Қобыланды батыр», «Шора батыр» жырларында жиі  
айтылады. Алтын ордаға билік жүргізген Едіге  
би Шашты Өзіз әулиені өзінің түп атасы санаған.  
Сондай-ақ тарихи деректерде Баба түкті Шашты Өзіздің  
есімі Орта Азия, Қазақстан жеріне Ислам дінін  
уағыздаушы болып саналатын Ысқақ  
ббатын замандасы, үзенгілес сереге ретінде жиі  
айтылады

«Кейбір аңыздарда Баба түкті Шашты Әзіздің атауы оның шашына байланысты қойылған делінген. Ол замандарда ер азаматтар шашын ұзын қылып өсіреді екен. Баба түкті Шашты Әзіз де шашын ұзын қылып өсіріп, қайырып жүрген. Ол сондай-ақ мұсылманшылыққа, құдайға сенгені соншалық халықтың көзінше оттың ішіне кіріп, бір жері күйместен, аман-есен шыққан екен. Содан кейін халық оның әулие адам екеніне сенеді. Әрі құдайдың құдыретіне сенеді. Жаппай мұсылманшылықты қабылдаған деседі. Қазір оның жерленген жерінде үлкен күмбезі бар кесене салынған. Оның жанында бұлақтардан су келіп құйылатын үлкен хауыз бар. Судың ішінде балықтар көп. Кесенеге барған адамдар тек зиярат етпей, табиғатты тамашалап кетеді. Мазараттың басында намаз оқитын, дәрет алатын жерлер жасалған.



# Саңғыл би кесенесі



Созақ – қарт Қаратаудың теріскей беті. Басынан неше қилы заман өткен, сонау «Ақтабан шұбырындыда» босыған біраз халыққа пана болған өңір. XII-XIII ғасырда Шыңғыс хан заманында Алтай – Моңғол үстіртінен көптеген түркітөктес ру-тайпалармен бірге қоңыраттар да осы өңірге келіп, Қаратаудың күнгеі, теріскей, Сыр бойы, Бетпақдала, Арқаға дейінгі иен далаға жайғасқан деген мәліметтер бар. Бөрте ханымның інісі, Жошы ханның бас уәзірі әрі кеңесшісі болған Қоңырат Саңғыл би Жошы ханның әмірімен бұл аймаққа «Мөрші би» болып, соңынан ілескен ру ағайындарын Шыңғыс ханның батысқа жорығына ілестірмей, аман алып қалған деген ел арасында тараған әңгімелер де айтылады. Созақ ауданының ең сулы, шұрайлы жерлерінің бірі – Қозымолдақ – Сызған елдімекені. Осы өңірді көрген Қоңырат Саңғыл би көш басын тоқтатып, еліне «Малтығындар», яғни «демалындар» деп туын тіккен екен.


---



XIII ғасырдан бастап Қоңырат Саңғыл бидің ұрпақтары, ағайын-туыстары жер ауыстырмай осы жерде өсіп-өніп, Қаратаудың күнгеі-теріскейін жайлап жатыр. 8 ұлынан тараған ұрпақтарына Саңғыл бидің: «Менің ұрпақтарым қыз алыспандар, жат боласындар» деген өсиетінен кейін 9 ғасыр өтсе де, қыз алыспай бір рулы ел болып отыр. Қазіргі Қозмолдақ елді-мекені сол XIII ғасырдан бері осылай аталған. Сызған – сол мекенді сырт жаудан қорғаған Саңғыл бидің батыр ұрпақтарының бірі. Қоңырат Саңғыл би туралы жазбаша тарихтан мәліметтер келтірейік. Саңғыл би – 1180 жылы дүниеге келген, Шыңғыс ханның замандасы болған тарихи тұлға. Үйсін Майқы бимен үзеңгілес жүрген.

Заманымыздың ойшыл суреткері Ә.Кекілбаевтің 1997 жылы 14 наурызда «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан «Елдік пен ерлік киесі» атты мақаласында Саңғыл биге қатысты мәліметтерді терең зерттеген. Ауызша мәліметтерге сүйене отырып, 1990 жылы Саңғыл би ұрпақтары бабаның жерленген жерін тапты. Оның басына (аумағы 75 шаршы метр, биіктігі 18,3 метр) кесене тұрғызды. Осы кесене құрылысы жүріп жатқанда сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі мен бұрынғы мемлекеттік хатшы Ә. Кекілбаев Саңғыл бидің басына арнайы келіп, құран бағыштады. Ә.Кекілбаев жоғарыда аталған мақаласында Шыңғыс ханды хан көтерген жиынға қазақ руларының ішінен Үйсін Майқы би мен Қоңырат Саңғыл бидің қатысқанын айтады. Шыңғыс ханды ақ киізге отырғызып, хан сайлаған сол жиында үйсін Майқы биге: «ұраның – Салауат, құсың – бүркіт, ағашың – қара ағаш, таңбаң – сүргі болсын» депті. Қоңырат Саңғыл биге: «Ұраның –Қоңырат, құсың – қыран, ағашың – алма, таңбаң – ай болсын» деген екен. Сол үйсіннің ұраны заман ағымына қарай бабалардың есімімен сан рет өзгерді. Қоңыратта «Мүл каман», кейінірек «Алатау» деп ұрандатты

---



Саңғыл би кесенесінің айналасында бау-бақша жайқалып тұр. Жылда әр аймақтан жиналған ұрпақтары Саңғыл атаның басына жиналып, оның әруағына бағыштап Құран оқу, ас беру дәстүрге айналған. Тарихта қазақ хандарының атасы саналатын Жошы ханның уәзірі болған Саңғыл бидің Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қозмолдақ – Сызған елдімекеніндегі кесенесі кейінгі ұрпаққа үлгі, тәрбие болары сөзсіз.

---



Ерліктің үлгісіндей даналық өсиеттерін ұрпақтарына мұра етіп қалдырған Саңғыл бидің салған дара жолынан таймай, ұлы даланың "түгін тартсаң май шығатын құйқалы топырағында" ата-баба аманатын жалғастырып, құт-берекемізден айрылмайық, ағайын! Келешек ғасыр мен мыңжылдықта атаның өсиетіне адал ұрпақтар боп аттап, есесін ешкімге жібермейтін , еңсесін ешқашан түсірмейтін намысшыл қауым боп жетіліп, атамекеннің көркін, ата жұрттың абыройын асыру жолында күш-жігерімізді аямайық





НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАҚМЕТ